

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**Инженерия факультеті**  
**Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің**

**№ 1 хаттамасынан КӨШІРМЕ**

**Кентау қаласы**

**02.09.2024 ж.**

**Қатысқандар:** факультет деканы Нажи Генч, факультеттің Оқу-әдістемелік комитет төрағасы, доцент Г.Ж.Ниязова, Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Ж.С.Калимбетова, кафедра меңгерушілері: техн.ғ.к., доцент З.Қ.Абдикулова, техн.ғ.к., доцент Г.Н.Қазбекова, кафедралардың оқу-әдістемелік жұмыстарына жауапты оқытушылар: Меирбекова О.Д., Баялы Ә.Т. және ОПК.

**Күн тәртібінде**

1. Факультеттің Оқу-әдістемелік комитет құрамын және жоспарын бекітуге ұсыну
2. 2024-2025 оқытушы профессор құрамы дайындайтын оқу, оқу-әдістемелік басылымдар жоспарын бекітуге ұсыну
3. 2024-2025 қабылданған білімгерлер үшін білім беру бағдарламалары бойынша элективті пәндер каталогын бекітуге ұсыну
4. 2024-2025 оқу жылында жүргізілетін пәндердің оқу бағдарламаларын, силлабустарын және оқу-әдістемелік кешендерін, БӨЖ, ОБӨЖ, МӨЖ, ОБМӨЖ дайындаудың әдістемелік нұсқауын, кестесін және іс – тәжірибе бойынша әдістемелік нұсқауларды талқылап, бекітуге ұсыну.
5. ББ ның 2024-2025 оқу жылында оқытылатын пәндердің тізімін талқылап, бекітуге ұсыну
6. Кафедралардың 2024-2025 оқу жылына қарасты жоспарларын және индикативті жоспарларын талқылап, бекітуге ұсыну
7. 2024-2025 оқу жылында 1-семестрінде өтілетін ашық (ақылдасу сабақтары, мастер кластар) сабақтарының кестесін бекітуге ұсыну
8. Оқытушы-профессор құрамы дайындаған оқу, оқу-әдістемелік құралдар мен нұсқауларын бағыттар бойынша сараптайтын эксперттік комиссия құрамын бекітуге ұсыну
9. 2024-2025 оқу жылында қысқы сессия емтихандарын қабылдау түрін бекітуге ұсыну
10. Оқу әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша әдістемелік семинарлардың кестесін бекітуге ұсыну
11. ББ пәндері бойынша толық және сапалы жүктелгеніне мониторинг нәтижелерін талдау

**Бірінші мәселе бойынша** факультет деканы Нажи Генч: Факультетте екі кафедра жұмыс жасайды. Кафедра меңгерушілерінің ұсыныстары бойынша факультеттің Оқу-әдістемелік комитет құрамына төмендегі оқытушыларды ұсынамын:

1. Факультеттің Оқу-әдістемелік комитет төрағасы – Г.Ж.Ниязова
2. Компьютерлік инженерия кафедрасының оқу-әдістемелік жұмыстарына жауапты оқытушы – Ә.Баялы
3. Электр инженериясы кафедрасының оқу-әдістемелік жұмыстарына жауапты оқытушы – О.Меирбекова

2024-2025 оқу жылына арналған факультет Оқу-әдістемелік комитеттің жұмыс жоспары Компьютерлік инженерия, Электр инженериясы кафедраларының оқу-әдістемелік жұмыстарының жоспары негізінде жасалынды, Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің жоспары бойынша 10 әдістемелік кеңес отырысы жоспарлануда. Комитет мүшелері жоспарларды бірауыздан қолдады.

**Шешім 1.1:** Факультеттің Оқу-әдістемелік комитет төрағасы Г.Ж.Ниязова, мүшелері: Ә.Баялы, О.Мейрбекова бекітілсін, 2024-2025 оқу жылына арналған факультет Оқу-әдістемелік комитетінің жұмыс жоспары, Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің жоспары бекітілуге ұсынылсын.

**Екінші мәселе бойынша** комитет төрағасы Г.Ниязова сөз алып, 2024-2025 оқу жылында факультет оқытушы-профессор құрамы дайындайтын оқу, оқу-әдістемелік басылымдар жоспарымен таныстырды. Оқу әдістемелік комитет мүшелері О.Мейрбекова және А.Баялы кафедрада бірқатар пәндер бойынша оқу басылымдарының ескіргендігі және саны жағынан жеткіліксіздігі, білім беру бағдарламаларында ұсынылған пәндердің мазмұнын толық қамтымайтындығын және қазақ тіліндегі басылымдардың аз болуы проблемалары бар екендігін айтты және әзірленген жоспарда осы мәселе ескерілгендігін баяндады. Сонымен қатар, Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне 1-қосымша талаптары бойынша келесі ақпаратты ұсынды (хаттамаға қосымша тіркелді).

Факультет бойынша 14 оқу басылымы жоспарланып отыр, оның ішінде 13- оқу құралы. Электр инженериясы кафедрасы бойынша –8- оқу құралы, Компьютерлік инженерия – 5 оқу құралы және 1 монография.

| №                             | Оқытушының аты-жөні                                                                                   | Дайындалатын жұмыстың аты                                                         | Оқулық, оқу-әдістемелік нұсқау | Бет саны | Дайын болу мерзімі |
|-------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------|----------|--------------------|
| <b>Компьютерлік инженерия</b> |                                                                                                       |                                                                                   |                                |          |                    |
| 1                             | Оқытушы Баймаханова А.С, Оқытушы Уксикбаев Е.З.<br>Оқытушы Тойлыбаева Н.Т.,<br>Аға оқытушы Баялы Ә.Т. | Криптографиялық қорғау әдістері                                                   | Оқу құралы                     | 144 б.   | Қазан, 2024        |
| 2                             | Оқытушы Назарбек Т.С.,<br>Аға оқытушы Баялы Ә.Т.<br>Джаханова Б.Н.                                    | MathCAD компьютерлік математика есептерін басқаруға арналған әмбебап жүйе.        | Оқу құралы                     | 176 б.   | Желтоқсан, 2025    |
| 3                             | PhD, аға оқытушы Абибуллаева А.А.                                                                     | Роботтық жүйелер                                                                  | Оқу құралы                     | 128 б.   | Ақпан, 2025        |
| 4                             | Оқытушы Абен Ә.                                                                                       | Терең негіздері оқыту                                                             | Оқу құралы                     | 128 б.   | Наурыз, 2025       |
| 5                             | PhD, аға оқытушы Абибуллаева А.А.                                                                     | Машиналық оқытуды қолдану арқылы қазақ тілінде түйінді сөздерді шығару модельдері | Монография                     | 128 б.   | Май, 2025          |
| 6                             | PhD, аға оқытушы Жунисов Н.М.<br>Аға оқытушы Баялы Ә.Т.                                               | Blender – үшөлшемді компьютерлік графикалық пакет                                 | Оқу құралы                     | 8 б.т.   | Май, 2025          |

| Электр инженериясы |                                                                                              |                                                                        |            |          |                  |
|--------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------|------------|----------|------------------|
| 7                  | техн.ғ.д., доцент<br>Рустамов Н.Т.,<br>Оқытушы Бабахан Ш.А.                                  | Электр техникасының теориялық негіздері пәнінен қызықты есептер жинағы | Оқу құралы | 128 б.   | Желтоқсан, 2024ж |
| 8                  | техн.ғ.д., доцент<br>Рустамов Н.Т.,<br>Оқытушы Мұхамеджанов Н.Б.                             | Релелік қорғаныстың негіздері                                          | Оқу құралы | 128 б.   | Қаңтар, 2025     |
| 9                  | техн.ғ.д., доцент<br>Рустамов Н.Т.<br>Аға оқытушы<br>Меирбекова О.Д.<br>Оқытушы Бабахан Ш.А. | Басқару жүйесінің сенімділігін бағалау                                 | Оқу құралы | 128 б.   | Ақпан, 2025      |
| 10                 | PhD, доцент м.а.<br>Агабекова А.Б.<br>Оқытушы<br>Калимбетова Ж.С.                            | Жарықтандыру технологиясы және жобалау                                 | Оқу құралы | 128 б.   | Ақпан, 2025      |
| 11                 | Техн.ғ.к., доцент<br>Касымбеков А.С.                                                         | Автоматтандырылған ақпараттық-іздестіру жүйелерінің негіздері          | Оқу құралы | 128 б.   | Наурыз, 2025     |
| 12                 | Техн.ғ.к., доцент м.а.<br>Абдикулова З.К.                                                    | Микроконтроллерлердегі бағдарламалау                                   | Оқу құралы | 116 б.т. | Сәуір, 2025      |
| 13                 | Аға оқытушы<br>Шукенова Ғ.А.                                                                 | Дискретті сигналдарды логикалық түрлендіру                             | Оқу құралы | 116 б.т. | Сәуір, 2025      |
| 14                 | PhD, доцент м.а.<br>Агабекова А.Б.                                                           | Зерттеулердің қолданбалы әдістері                                      | Оқу құралы | 128 б.т. | Мамыр, 2025      |

**Шешім 2.1:** 2024-2025 оқу жылы факультет ОПК дайындайтын оқу, оқу-әдістемелік басылымдарының тақырыптық жоспары бекітілуге ұсынылсын.

**Үшінші мәселе бойынша** комитет төрағасы Г.Ж.Ниязова 2024-2025 оқу жылы қабылданған білімгерлер үшін элективті пәндер каталогін талқылауға ұсынды. Элективті пәндер каталогінде пәннің оқу мақсатын, қысқаша мазмұнын және күтілетін нәтижелерін (білуі керек, істей білуі керек, игеруі керек, құзыреттілігі) көрсете отырып қысқаша сипаттамасы берілген. Бұл каталог - бұл жүйелі аннотация берілген элективті оқу пәндерінің тізбесі. Ол оқытудың жеке траекториясын дербес және жан-жақты қалыптастыру мақсатында жасалады.

**Шешім 3.1:** 2024-2025 оқу жылы қабылданған білімгерлер үшін бакалавриат, магистратура және докторантура білім беру бағдарламалары бойынша элективті пәндер каталогі бекітуге ұсынылсын.

**Төртінші мәселе бойынша** аға оқытушы О.Д.Меирбекова сөз алып, кафедра оқытушылары білім беру бағдарламалары бойынша оқытылатын пәндердің оқу бағдарламаларын силлабустарын және оқу-әдістемелік кешендерін және кәсіби іс-тәжірибелер: өндірістік тәжірибе, оқу тәжірибе, диплом алды тәжірибе, педагогикалық

тәжірибе, зерттеу тәжірибелерінің бағдарламаларын, кәсіби іс-тәжірибелерді ұйымдастыру мен өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар, БӨЖ, БОӨЖ, МӨЖ, МОӨЖ дайындаудың әдістемелік нұсқауларын жасап, талқылауға ұсынды. Пән силлабустары, оқу-әдістемелік кешендері УЕ-ХҚТУ-036–2023-Білім беру бағдарламасының және пәннің оқу-әдістемелік кешенінің құрылымы, мазмұны дайындау ережесіне сәйкес жасалынған. Силлабустардың модулдері, мазмұндары құзыреттерге негізделген.

**Шешім 4.1:** 2024-2025 оқу жылында жүргізілетін пәндердің оқу бағдарламалары, силлабустары және оқу-әдістемелік кешендері, БӨЖ, БОӨЖ, МӨЖ, МОӨЖ, ДӨЖ, ОДӨЖ дайындаудың әдістемелік нұсқаулары, кестесі, іс-тәжірибе (практика) түрлері бойынша әдістемелік нұсқаулары бекітілсін.

**Бесінші мәселе бойынша** комитет төрайымы А.Б.Агабекова факультетке қарасты Білім беру бағдарламалары пәндерін талқылауға ұсынды. 2024-2025 оқу жылында оқытылатын пәндер: міндетті компонент пәндері, базалық компонент пәндері, жеке білім траекториясы пәндері қарастырылып, бекітуге ұсынылды.

**Шешім 5.1:** Мамандықтардың 2024-2025 оқу жылында оқытылатын пәндер тізімі бекітуге ұсынылсын.

**Алтыншы мәселе бойынша** Компьютерлік инженерия кафедрасының меңгерушісі, техн.ғ.к., доцент м.а. Г.Н.Қазбекова сөз алды. Кафедралардың индикативті жоспарларында стратегиялық мақсат-міндеттер және даму көрсеткіштерітүрінде индикаторлар құрамы нақтыланған. Кафедралардың 2024-2025 оқу жылына қарасты жоспарларын және индикативті жоспарларын бекітуге ұсынамын.

Бұл ұсынысты комитет мүшелері бір ауыздан қолдады.

**Шешім 6.1:** Кафедралардың 2024-2025 оқу жылына арналған жоспарлары және индикативті жоспарлары бекітуге ұсынылсын.

**Жетінші мәселе бойынша** комитет төрағасы Г.Ниязова: Оқу-әдістемелік жұмыстарының тиімді амалдары мен әдістерін көрсету және тарату, жас оқытушылардың арасында алдыңғы қатарлы ғылыми педагогикалық тәжірибе мен білім беруді акпараттандыруды қорыту мақсатында ақылдасу сабақтар өткізу қажет. Педагогикалық шеберлігін арттыру үшін факультет оқытушылары тәжірибелі оқытушылардың ақылдасу сабақтарына қатысып, оқытудың инновациялық әдістерімен танысып, оларды сабақтарда қолдану керек екендігіне тоқталып, ақылдасу сабақтарды өткізудің жоспарын ұсынды.

| № | Кафедра                | Оқушылардың аты-жөні            | Пәні                                     | Тақырыбы                                                             | Жоспарланған уақыты /күні   | Аудитория |
|---|------------------------|---------------------------------|------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------|-----------------------------|-----------|
| 1 | Компьютерлік инженерия | Магистр оқытушы Баймурзаев Б.О. | SQL негіздері (түрік тілінде)            | Түрлі кестелер құру барысында Join-дар арқылы түрлі сұраныстар жасау | Сағ. 14.00<br>31.10.2024 ж. | ауд 301   |
| 2 |                        | Аға оқытушы Искендірова Г.С.    | Ақпараттық коммуникациялық технологиялар | Google Docs көмегімен Google аккаунттарды құру                       | Сағ. 09.00<br>08.10.2024 ж. | ауд 301   |
| 3 |                        | Доцент Ниязова Г.Ж.             | Геоақпараттық жүйелерді                  | Мобильді ГАЗ шешімдері                                               | Сағ. 14.00<br>04.12.2024 ж. | ауд 310   |

|   |                           |                                         |                                                                  |                                                                                                                                                                                                                   |                                |         |
|---|---------------------------|-----------------------------------------|------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------|---------|
|   |                           |                                         | әзірлеу                                                          |                                                                                                                                                                                                                   |                                |         |
| 4 |                           | Магистр оқытушы<br>Тойлыбаева Н.Т.      | Ақпараттық<br>коммуникац<br>иялық<br>технологиял<br>ар           | Ақпараттық<br>қауіпсіздік<br>кәсіптерінің<br>жіктелуі                                                                                                                                                             | Сағ. 14.00<br>26.11.2024<br>ж. | ауд 302 |
| 5 |                           | Магистр оқытушы<br>Калимбетова Ж.С.     | Жарықтанды<br>ру<br>технологияс<br>ы және<br>жобалау             | Жарық көздерін<br>таңдау                                                                                                                                                                                          | Сағ.10:00<br>10.10.2024        | ауд 119 |
| 6 |                           | техн.ғ.к., доцент<br>Касымбеков А.С.    | Электр<br>қондырғыла<br>рын<br>автоматтанд<br>ыру және<br>қорғау | «Smart Grid<br>зияткерлік<br>энергетикалық<br>жүйесі»                                                                                                                                                             | Сағ. 14.00<br>09.12.2024       | ауд 214 |
| 7 | Электр<br>инженер<br>иясы | техн.ғ.д., доцент<br>Рустамов Н.Т.      | Электр<br>техникасын<br>ың<br>теориялық<br>негіздері I           | Үшфазалы тоқтың<br>электр тізбектері.<br>Үш фазалық<br>электр<br>тізбектерінің<br>негізгі түсініктері<br>мен<br>анықтамалары.<br>Энергия көзі мен<br>қабылдағыштың<br>жұлдызша, үшбұр<br>ышша жалғану<br>схемасы. | Сағ. 09.00<br>22.11.2024       | ауд 322 |
| 8 |                           | Магистр оқытушы<br>Мухамеджанов<br>Н.Б. | Релелік<br>қорғаныс<br>және<br>автоматика                        | Электр магнитті<br>сілтеуіш релесін<br>зерделеу және<br>сынау                                                                                                                                                     | Сағ.11.00<br>18.10.2024        | ауд 115 |

**Шешім 7.1:** ОПҚ-ның ақылдасу сабақтарының кестесі және сарапшылар тізімі бекітілуге ұсынылсын.

**Сегізінші мәселе бойынша** комитет төрағасы Г.Ниязова: Оқытушы-профессор құрамы дайындаған оқу, оқу-әдістемелік құралдар мен нұсқауларын бағыттар бойынша сараптайтын эксперттік комиссия құрамына әр кафедрадан ұсыныстар келіп түсті. Сараптайтын эксперттік комиссияға тиісті біліктілігі бар тәжірибелі ОПҚ тартылды.

| № | Сарапшының аты -жөні | Кафедрасы              | Ғылыми дәрежесі |
|---|----------------------|------------------------|-----------------|
| 1 | Алиева А.            | Компьютерлік инженерия | п.ғ.к., доцент  |
| 2 | Меирбекова О.        | Электр инженериясы     | аға оқытушы     |

**Шешім 8.1:** 2024-2025 оқу жылында университет оқытушы – профессор құрамы дайындаған оқу, оқу-әдістемелік құралдарын бағыттар бойынша сараптайтын эксперттік комиссия құрамы бекітілуге ұсынылсын.

**Тоғызыншы мәселе бойынша** оқу ісі жөніндегі декан орынбасары, Ж.С.Калимбетова сөз алып, 2024-2025 оқу жылының I-жартысында факультетке қарасты кафедралар бойынша қысқы сессияда қабылданатын емтихан түрлерін бекіту туралы айтып өтті. Қысқы емтихан сессиясында 107 пәннен емтихан тапсырылатынын, емтихан түрлері жазбаша, тест ЭЕМ, жоба қорғау, болатынын айтты.

«Электр инженериясы» кафедрасы бойынша қысқы емтихан сессиясында 6B07154-Автоматтандыру және басқару, 6B07153-Электр энергетикасы білім беру бағдарламасының 1-4 курстары бойынша жазбаша емтиханы -27, жоба қорғау емтиханы – 15.

«Компьютерлік инженерия» кафедрасы бойынша - 6B06182 – Компьютерлік инженерия, 6B06151-Ақпараттық жүйелер, 6B06181 – Ақпаратты өңдеу және деректерді визуализациялау білім беру бағдарламасының 1-4 курстары бойынша барлық емтихан түрлері жоба қорғау форматында қабылдау бекітілген, олардың саны – 44.Инженерия, Медицина, Стоматология, Филология, Жаратылыстану ғылымдары, Спорт өнер факультеттері білім алушыларына оқытылатын Ақпараттық- коммуникациялық технологиялар пәні бойынша емтихандар қазақ және орыс тілдерінде толықтай тест форматында қабылданады.

Магистратура және докторантура деңгейлері бойынша факультетте мамандар даярланатын 7M07130-Электр энергетикасы 7M06128 - Ақпараттық жүйелер, 7M06146 – Компьютерлік инженерия, 8D06115 - Ақпараттық жүйелер білім беру бағдарламалары бойынша 2024-2025 оқу жылының 1-семестрінде 20 пәннен емтихан қабылдау бекітілген. Барлық емтихан түрлері жоба қорғау форматында және қазақ тілінде өтілетіндігін атады.

**Шешім 9.1:** 2024-2025 оқу жылында қысқы сессия емтихандарын қабылдау формалары бекітуге ұсынылсын.

**Оныншы мәселе бойынша** комитет комитет төрағасы Г.Ниязова сөз алып, оқу әдістемелік жұмысты жетілдіру, оқытушылардың біліктілігін, кәсіби шеберлігін жан-жақты арттыру үшін әдістемелік семинарлар ұйымдастыру керектігін айтты. Сондықтан, 2024-2025 оқу жылында факультет ОПК үшін әдістемелік семинарлар өткізу жоспарланып отыр.

| № | Кафедра                       | Семинар тақырыбы                                                                        | Мерзімі      | Жауапты орындаушы                 |
|---|-------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------|--------------|-----------------------------------|
|   |                               | <b>Инженерия факультеті</b>                                                             |              |                                   |
| 1 | <b>Компьютерлік инженерия</b> | Робототехника мүмкіндіктерін пәндерді оқытуда қолдану                                   | 11.10.2024ж. | Амиртаев Қанат Батталович         |
| 2 |                               | Вакуумдық фракталды күн коллекторы                                                      | 15.11.2024ж. | Кибишов Адылхан Талгатович        |
| 3 |                               | Құжаттарды классификациялаудың әдістемесі                                               | 06.03.2025ж. | Баймаханова Айгерим Саттаровна    |
| 4 | <b>Электр инженериясы</b>     | SCADA жүйелеріне негізделген энергетикалық объектілерді басқару және оның ерекшеліктері | 06.12.2024ж  | Техн.ғ.к., доцент Касымбеков А.С. |
| 5 |                               | «Джигсо» әдісі арқылы студенттердің логикалық қабілеттерін дамыту                       | 03.02.2025ж. | PhD, доцент м.а. Агабекова А.Б.   |

**Шешім 10.1:** Оқу әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша әдістемелік семинарлардың кестесі бекітуге ұсынылсын.

**Он бірінші мәселе бойынша** комитет төрағасы Г.Ниязова сөз алып, ББ пәндері бойынша толық және сапалы жүктелгеніне мониторинг жүргізілгенін айтты. Мониторингтік талдау бойынша кейбір пәндер толық енгізілмеген, алдағы уақытта барлық ББ бойынша толық енгізу керектігін айтты. 2025 жылы А.Баялы 6B06151-Ақпараттық жүйелер, 6B06182-Компьютерлік инженерия, 6B06181-Ақпаратты өңдеу және деректерді визуализациялау білім беру бағдарламалары өзгеретіндігін мәлімдеді. Ал, О.Мейрбекова 6B07153-Электр энергетикасы БББ-сы 2025 жылы өзгеретіндігін атады.

**Шешім:** ББ пәндері бойынша толық және сапалы жүктелуін қамтамасыз етуге кафедра меңгерушілері жауапты болып бекітілсін.

Факультеттің Оқу-әдістемелік  
комитет төрағасы



Г.Ж.Ниязова

Хатшы



О.М.Мейрбекова